Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 11-01

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Желтоқсан оқиғасы 1986 жылы Алматы қаласында орын алған оқиға. Бұл қазақ қандастарымыздың тәуелсіздікке қол жеткізу үшін тер төккен көтеріліс.

Оқиға билікке Колбиннің келуімен басталды. Халық билікке тау келген басшыға қарсы болды.

Кеңес үкіметі кезіндегі осы көтеріліс барынша қатаң жазалау үшін үлкен қасірет алып келді.

Желтоқсан оқиғасы «Әмірзая» романында суреттелуге болады. «Әмірзая» романында 1986-1991 жылдардағы оқиға суреттелген. Сол кездегі жастардың шынайылығы мен күреске тәуелсіздік үшін аянбай тер төккендігі суреттеледі. Профессор Азат Бұдамбаевтың үстіне тоқтаусыз жала жабылып, "көтеріліске қатысты" деген айып тағылды.

Сол кездерде қазақ кінәсіз "қара" "кінәлі" деп танылып қудалауға, репрессияға ұшыраған.

Кеңес үкіметі кезіндегі халықтың бар ойы тек тәуелсіздік болатын.

Ерлер, бүгін еліміз қандастарымызбен жақсы тұрып, ұлы алдымыз жарқын.

Ата-бабаларымыз қанымен нағыз дайын осы тәуелсіздікті, еркіндікті алып келді.

Ал қазіргі таңда біздің басты міндетіміз- елімізді қайта жаңғыртып, сонда қорғау отау.

Желтоқсан оқиғасының арқасында біз қазіргі таңда тәуелсіз, ерікті, бейбітшілік елде тұрып өмір сүріп жатырмыз.

Сондықтан да қазіргі кездегі балалар, туған жерімізді, ана тілімізді құрметтеп, ардақтауымыз қажет. Осы тарихи оқиғалар арқылы мемлекетіміздің тұғыры, жеріміз бен ұлтымыз бағаланып қайта барды. Желтоқсан шері ерлер бізді жайнаған болады.

Тәуелсіздік біз үшін, ата-бабаларымыз үшін үлкен жетістік болып табылады. Еліміз арасынан 30 елдің қатарына кіріп, қазіргі кезде күшті күйге жаңа белестерге жол жетістігін алар. Бүгінде біз бейбіт мемлекетте өмір сүріп, өз тілімізден, дінімізге ие болып отырмыз. Желтоқсан оқиғасы бізге ұмытылмастай қайғы болып есімізде қалмақ.

Бүкіл осы оқиғалар орын алмаған кезде, біз әлі күнге дейін өз еркіндігімізге ие болмайтын едік. "Тәуелсіздік күні" ресми түрде 16 желтоқсан болып белгіленді.

Мемлекетімізге қазіргі таңда ешқандай соғыс жоқ.

Сондықтан да бүгінгі күнгі балалар өз елімізді жақсы тұрып, ардақтауымыз қажет. Өз елімізде, жеріміз үшін адал еңбек етіп, оған барымызды атқаруымыз қажет.

Елімізге сөз еркіндігі, бейбітшілік, еркіндік бар.

Қазақ жерімізде тарихи кездердегі оқиғалар, соғыс, көтерілістер арқылы біз еліміздің тәуелсіздігінің тойына келдік.

Мен өз елімнен мақтан тұтамын.

„Атау-кере" повесіндегі Айнаның
адами болмысы және қаламгерлік шешім.

„Атау-кере" — қазақ халқының көркем әдебиетінің танымал повестерінің бірі. Бұл повестің авторы Оралхан Бөкей адам баласының адамгершілік құндылықтарын шығармадағы басты кейіпкерлердің бейнесі арқылы терең сипаттаған. Басты кейіпкерлер ерлі-зайыптылар Ерік пен Айна болып табылады. Ерік — қатыгез, барлығын өз пайдасына жасайтын ер жігіт болса, Айна — керісінше, ақкөңіл, барлығына қамқор болып тұрған қыз. Шығарманың үшінші кейіпкері — Таған, Еріктің сыныптасы, еңбекқор, бойында адам қасиеттері мол адам.

Айна — тазалықтың, мейірімділіктің, кішіпейілділіктің, қамқорлық бейнесі. Кіріспе бөлімде жазып кеткендей, Айна өзіне ғана емес, айналасындағы барлық адамдарға деген қамқорлығы сезіледі. Мысалы, ол күйеуінің анасына қамқорлық танытып, ауырып қалған кезінде де әрдайым қасында тұрді. Өмірден тек төзімділікті, сабырлықты, қамқорлықты, шынайы сезімдер мен шынайы эмоцияларды қажет ететін жан. Материалдық жағдайға мүлдем назар аудармаған. Бұл оның басқа кейіпкерлерге қарағанда, өзге, ерекше екенін көрсетеді. Оның күйеуі Ерік қатыгез, айналасындағы барлық адамдар бүкіл дүниені тек ол үшін жасау керек деген ойн болса да, Айна оны жаман қасиеттеріне қарамастан, шын жүректен сүйген. Бұл оның бойында еш зұлым ой жоқ, қарапайым қазақтың қызы екенін дәлелдейді.

Ойымды қорытындылай келе, Оралхан Бөкей повесінде Айнаның бейнесі арқылы адамның барлық адами болмысын сипаттаған. Қазіргі заманның қазақ қыздарына Айна сияқты сыпайы, мейірімді, кішіпейіл, қамқор, өзінің орнын білетін қыз бала болып өсуді қалайды деп ойлаймын. Сондықтан, „Атау-кере" повесінің басты кейіпкері Айна біздің есімізде мәңгі үлгі болып қалады деген үміттемін!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 11-03

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Азаттық аңсаған армандастар.

40-80 жылдары қазақ халқы Кеңестік Социалистік Республикалық Одағының қатарында болған кезінде, Комунистік партия қазақ ұлтының тарихын ашық жариялап айтуға, зерттеулер жүргізуге тыйым салған болатын. Көп тарихшылар осы тыйымға қарамай зерттеулер жүргізіп, диссертация, мақалалар жариялаған. Тарихи кітап авторларын қудалап, халық жауы деген айып таққан болатын. Оны біз Баққожа Мұқайдың үлкен көлемде жазылған „Өмірзая" романында байқаймыз. Ал қарапайым халық бола қорқып, тыныш қана азаттық аңсаумен өмір сүреді.

Бұл оқиға қазақ халқына қатты әсерін тигізеді. Өз жерлерінде бір титтей жерге жарымай, басқа ұлт өкілдерінің алдында иттей көрінетін. Осы оқиға „Пәтер іздеп жүр едік" әңгімесінде көрініс табады. Қазақ жерлерінде өзге ұлт қарамағында еді, оларға салық төлеп жалдап жүрген ұлт-қазақ. Күнде айғай естіп, жағдайы жаман пәтер үшін күні-түні жұмыс істейтін. Осыны көрген қазақ қаһармандары, жазушылары, тарихшылар қол қусырып отырмайды. Үкіметтен еш қорықпай өз наразылықтарын білдіреді. Тарихшылар қазақ ұлтының тегін ашып, жердің бүкіл оларға тиесілі екенін айқындайды. Ал жазушылар шығарма, мақал, өлеңдер жазып жариялайды. Сол кезде ақындарды жауынгерге теңеп, жасырын мағынада үндеу жасаған болатын. Міржақып Дулатұлы жазған ..... „Оян қазақ көтер басты, Өткізбей қараңғыда бекер жасты" деген өлеңі, халыққа үндеу ретінде жолдаған. Ахмет Байтұрсынұлының 40 мақалы, сол кезеңге арналған тұғын. Бесеудің хаты тарихта қалған еді, жазушылар, қаһармандар басшылыққа Голощёкинге және Сталинге хат

жазып, қазақ ұлтына әуліліктен тыйуды сұраған еді. Қаһармандарымыз кейін көтерілістер ұйымдастырып, абақтыға қамалып не өлім жазасына кесілген еді. Бірақ 1986 жылы бір оқиға орын алып тарихты өзгертеді. Билік басына Колбинді қойылғанын болады. Соны естіген халық, жастар рухтары оянып, 16-17 желтоқсан күндері үлкен көтеріс тудырады. Үлкен алаңға шыққан наразылықтарын білдірушілердің жартысынан көбі студенттер. Оны көрген кеңес өрағының билеушілері қозғалысқа қожеткерлеге жарлық береді. Сол кезде қанды төк болады. Бірақ соған қарамастан жастар кетпей, соңына дейін болады. Қақаған қыстың суығында аларға суық су құйып, күрекпен, балтамен ұрып өлтіреді. Көтеріліс бастаушыларды қамап, өлім жазасына кеседі. Осы күнді, 1991 жылы 16 желтоқсан күні қаралы күн деп еске түсіреді.

Қорытындылай келе, айтылмаған, жазылмаған ерлік көп. Біздің қаһармандарымыздың арқасында қазір тәуелсіз мемлекет аясында не болып отырмыз. Қаншама төгілген қан, жастай студенттер өз жері үшін соңына дейін тұрып, қиналып қайтады. Қуа болған, тірі қалған ағаларымыз, аталарымыз осыны айтқан кезде жүрегін ауырады. „Отан – үшін отқа түс күймейсің." мақалы сай келеді. Себебі, шынымен отан үшін өз жанын берген адамдар дүниеден озсада, олар қазақ тарихында өзінің өшпес қаһармандарын қалдырған, біздің ұлт үшін мәңгілік жүрегімізде. Азаттық аңсаған арман-дастарымыз қаймен термен өз арманына жетті.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором kl 11-04

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

"Атау кере" повесі - қазақ әдебиетіндегі көрнекті де нәзік ерекше шығармалардың бірі. "Атау-кере" повесі әртүрлі отбасылық, әлеуметтік мәселелерді қарастырып, қоғамдағы адамдардың болмысын ашып, оқырманды өзін-өзі тануға жетелейтін туынды. Осы күрделі де керемет шығарманы оқыған таңы беріп келетін кейіпкерлерінің бірі - Айна.

Айна - табиғатынан болмысы нәзік, шырайлы, жүрегі мөлдір тұрған қазақ даласындағы ұяң әрі мейірімді жан. Автор Айнаның осы портретін қылқаламмен сурет салып, бейнелеп көрсеткен суретшідей анық көрсете алған. Сол себептен бе, әлде автор Айнаның бейнесін жүрегіне жақын тартқаннан ба Айна повесте өте керемет суреттелген. "Қыз өсе, елдің көркі, Гүл өсе жердің көркі" дегендей Айна болмысы құлпырған гүлдей, жапырақтары жарай берсе көзің тоймайды. Повестегі Айнаның бейнесін әрбір әйел адамның нәзік жүрегі жақын тартары айдан анық. Айна өзінің тағдырын қосқан қосағына отбасылық өмірі басталған сәттен-ақ артық не қарсы сөз айтпаған, айтқанына көніп, шаруаға барынша ат салысып, онымен қоса жасы үлкен, бұл дүниеден озайын деген енесіне де қамқор болуға барынша уақыт таба білген адамдардың бірі. Ерік күйіге бал мен араларға бас қоюғалайтынына көзі жеткен Айна сөз алмасып, ақыл сұрасатын жалғыз адамы Б. Момышұлы айтқандай "Балаларына ертегі арнайтындай" әже мен оның бейнесіндегі Нұрненің көп тәлім алады және отбасылық бақыттың бар қадір-қасиетін түсінеді. Ғашықтың жарасы қаншалықты терең болса да, ат шаппа тұяғы тозатұғын, ит

барға өлетұғын ду жерде тұрса да, ана бақытын сезіну бұл пендеге тарылмағанда Айна өзінің жүрегіне де таза тара мен енесіне де адал бола білген адам.

Яки, Айнаның бейнесі барлық қазақ қыздары үлгі тұта білуі қажет образ. Айна іспетті атадан балаға мұра болған салт-дәстүрлерімізді бен отбасылық құндылықтарды сақ-тайтын, қазақтың „бесігін түзейтін" аруларымыз қазір аз болмаса, көп емес. Автор осы кейіпкердің мінезі, іс-әрекеті арқылы барлық қазақ қыздарына повесі ар-қылы үндеу жолдағандай.

Қорытындылай келе, мен „Атау-кере" повесіндегі Айна бейнесі мен болмысына және қаламгердің кейіпкерді суреттеуі-не тамсанамын. „Айтуға келгенде, қалқама сөз ратын" дегендей. Айна - қараған көзің тоймас, сөйлесе сөзін жатықсың, жүре-гінің түкпірінде ерекше орын алатындай кейіпкер.

„Атау-кере" повесі - адам тағдыры, жайлы айтылған шығармалардың бірі. Тақырыптың осылай аталу себебі бар, „Атау-кере" деген адамның ана дүниеге өтер кездегі берілетін ас. Шығармада сол себептен басты кейіпкерлердің бірі Айнаның өлімге ұшырауы айқын көрсетілді. Жалпы Айнаның тағдыры қалай өрбіген?

„Атау-кере" повесінде жалпы екі түрлі жайлы көбінесе айтылады, олардың өмір болмысы, өмірде болған жайттары баяндалады. Ерік және Тоған повестегі басты кейіпкерлердің бірі болып саналады. Ерік - Айнаның ұлы, өмірдікке салынған, өзін ойлайтын, ойланбастан шешім қабылдайтын тұлға. Тоған болса - қарапайым, көңілі ашық, мейірімді де, адам жан. Айтып кеткендей, Еріктің қамсыз адам екені белгілі, өз класстасы Тоғанды жаман іске шақырады, бұл деген достыққа адал емес екенін білдіреді. Себебі, Өз досын іштілікке тартады, дұрыс іс деп айта алмаймыз. Соған қарамастан, Тоған жақсы адам болып қалады. Айна бейнесі қандай? Айнаның адамы болмысы. Екіншіден, Айна басты кейіпкерлердің біріне жатады. „Түн ұйқысын төрт бөліп" баласына бар тәлім-тәрбиені беріп өсірді. Менің ойымша ол жақсы ана бола алды. Тек баласының ісі оны өлімге әкелді. Ерік, Америкада зерттеушілерден өткен, араны әкелді. Оған ескерткен болатын, араның бал беруінен бөлек, у беруі мүмкін екенін. Бірақ бұны ойланбастан шешім қабылдап сол араны алады. Сол араның салдарынан Еріктің анасы дүниеден өтеді. Тәкім Ерік, Тоғандай жақсы адам болса, бұның бәрі болмас еді.

Үшіншіден, Кеңес өкіметі кезеңіндегі жағдай болғандықтан, жазушы ойнадай, мәселені шығармада жеткізген болатын. Айнаны сондай өмірлік жағдайын екі кейіпкер арқылы да жеткізе білді.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором ХЬ 11-05

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 2

Ана – ең жақын да, жылы адамдардың бірі, сені өмірге әкеліп, бар тәрбиені береді. Соны бағаламауымыз тиіс деген мәселе өзекті деп ойлаймын. Еріктей адам болмай, Тағам сенің жақсы адам болуға тырысу керек. Жақсы іс - ізгі іс.

Қорытындылай келе, Аина өз баласын аялаған, ал баласының ісі теріс жағдайға әкеледі. Осыдан ой түюге болады. Жаман істің арты жақсылыққа әкелмейді. Мүмкін Ерік жақсы адам болып өз деңгейге тұрып, араны әкелмегенде, бұндай болмас еді. Аина да өз өмірінің соңына дейін өмір сүрер еді деген шешімге келемін.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором | КЛ 11-06

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Атау-кере" повесіндегі Айнаның адами болмысы және адамгершілік шешім

„Атау-кере" повесі қазақ әдебиетіндегі ерекше орын алатын туындылардың бірі болып саналады. Шығарманың авторы – Оралхан Бөкей, повесінде адамгершілік құндылықтарды және адами болмысын терең сипаттайды. Шығарманың басты кейіпкері (ер) – Ерік, қатыгез және жаман қасиеттерге толы жас жігіт. Оның сүйікті жары – Айна, керісінше адамгершілігі мол, мейірімді қыз. Сонымен қатар, повесінің тағы бір кейіпкері – Тазан, еңбекқор және адал адам. Автор осы кейіпкерлерді бір-бірімен байланыстыра отырып, оқырмандарға адамгершілік қасиеттерді дұрыс жеткізе алды.

Еріктің анасы – Нұра, ауырып жүрген, үлкен жастағы адам. Әдетте, ол өз баласының болашағы үшін қатты уайымдап жүрген. Бірақ, Айнаны кездестірген сәтте, оның уайымы төмендеді. Нұрке түсініп жүрген, оның баласы қиын мінезді екенін. Сол себептен, оның қасында Айна сияқты инабатты қыз болуы тиісті.

Айна – мейірімділіктің, кішіпейілдіктің, тазалықтың символы болып табылады. Оның бойында өте көп жағымды қасиеттері бар. Солардың арқасында Айна Еріктің сүйікті жары болып, Ерікті құрметтеп, оны дұрыс жолға бағыттады. Себебі, қазақта бір дәйек-сөз бар „Ердің бағыты әйел". Әйел адам тек үйдің тазалығына қарамай, сонымен қатар ердің адам бол-
дашуына да бағыттаушы болып табылады

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: ҚL 11-06

...ысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қазіргі таңдағы әйелдер енесімен мейірімді қарым-қатынасқа түсе алмайды. Бұл әр ғасырдағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Алайда, Айна мен Нюра арасында ерекше қарым қатынасты байқадым. Яғни, Нүрке Айнаны өзінің туған қызы ретінде санады. Нюра оған өмірдегі болған оқиғаларды айтып, өз кеңестерінді берді.

Бүгінгі күнде Айна сияқты әйелдер саны шек-теулі. Менің ойымша, бұл заманның өзгеруіне байланысты. Қазіргі (таңда) ғасырымыз - электронды гаджет ғасыры. Әйелдер діне деген жаман көзқарасты жақтырмай-ды. Ал бұрын әйелдер барлық мәселелерді шыдап жүріп, ердің қасында (болды) болуға тырысты.

Қорытындылай келе, Айнаға тән қасиеттер әр қазақ(тың) қызының бойында болуы тиісті. Айна біз үшін үлгі алатын мысал. Өз ойымды Әкім Ысқақ-тың дәйексөзімен қорытындылаймын „Өмірдегі бәрі мәрие ойдағыдай емес, ойдағының бәрі өмір емес.

Азаматтың аңсаған армандары (Желтоқсан оқиғасына орай)

Азат болу, тәуелсіз болу, егеменді болу XX ғасырда өмір сүрген әрбір қазақтың аңсаған арманы болып келді. Сол арманға қол жету үшін жасалған қадамдардың бірі ол 1989 жылдың желтоқсан айындағы көтеріліс оқиғасы деп есептеймін.

1989 жылғы желтоқсан көтерілісінің басты себептері ол Қазақ АКСР хатшылығына орыс адамы Колбиннің келуімен басталды. Өйткені Колбинға дейін Қазақ АКСР хатшылығында Д.А.Қонаев болған. Бірақ оны КСРО лауазымынан алып тастап өз адамын қойғаны, қазақ халқына ұнамай, олар көтеріліске шықты.

Желтоқсан көтерілісінен көптеген адамдар зардап шегіп, жарақат алып және де көз жұмған. Көтеріліске шыққан адамдардың көбісі студенттер болған. Олардың бірі: „Мен көтеріліске қатысқан себебім, ол қазақ қыздарын алмай, ұрып соғып, шаштарын жұлған үшін қатыстым" деп айтқан.

Мен үшін үлгі болатын адам ол Алиева апамыз. Себебі ол 16 жаста болса да қорықпай, өз батылдылығын көрсетіп желтоқсан оқиғасына қатысты. Бірақ та КСРО Алиеваны оқу орнынан шығарып, жұмыстан, оқу жасауына апарды. Сол себепті Алиева апамызды халық қаһарманы

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: Ж 11-07

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Қорытындылай келе желтоқсан көтерілісі қазақ елінің тарихында маңыздылыққа қаларлық оқиғалардың бірі деп ойлаймын. Себебі көтерілістен [illegible] кейін, 1991 жылы 10 желтоқсанда ҚР-ның президенттігіне Н.Ә. Назарбаев сайланып, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алды) ресми түрде жарияланды. Сол себепті келешек ұрпақ осы оқиғаны біліп, мақтан тұту керек!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором xl 11-08

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

"Жаһар" романындағы түс көру мотивтері
және оның шығарма идеясына ықпалы.

І. Есенберлиннің "Жаһар" романы өмірлік оқиғамен жазылған шығарма туындысы

Жаһар романында тәуелсіздікті аңсаған халықты көруге болады. Тәуелсіздік пен бостандыққа күрескен Кенесары хан, халқы үшін өз жанының қиюға дайын болған

"Жаһар" романындағы түс көру мотивтері бұл халықтың болашағын елестету мен аңсау. Бостандықты аңсаған халық әр күнін, болашағын елестеумен болады.

Шығарманың ішінде түс көру мотиві ерекше орын алады. Романдағы басты кейіпкер түсінің ішінде көрген оқиғалары олардың болашақтағы тағдырына шешуші сәттерді дайындаушыларын бейнелейді. Мысалы: Кенесары ханның түс көруі оның тағдыры мен қазақ халқының азаттық жолындағы күресінің рухын болжайды. Кенесары көрген түстерінде халықтың қасіреті мен болашағы бейнеленіп оның тарихи құндылығын айқындай түседі

Шығармадағы түс көрушілер тек жеке кейіпкерлердің тағдыры ғана емес бүкіл қазақ халқы тарихи ахуалын бейнелейді.

Осылайша Ілияс Есенберлиннің
Жаһар романындағы түс көру

мотиві арқылы қазақ халқының жоғдарын бейнелейді.

Қорытындылай келе, Жанар романы қазір-гі жастар үшін жазылған шығарма. Өйткені, жастарға бостандық пен тәуелсіз-дік қасиет * құнын (қасиетін) бейнелеп автор көрсетпей келеді әр бір сәтті бағалап өтейік.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором 1 кл 11-09

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Азаттық. Сонау тарихы тереңде жатқан сөзді естігенде „Мен қазақпын" деген әрбір жанның жүрегін ұлы сезім кернейді. Себебі, бұл жолдар біздің ата-бабамыздың аңсаған арманы, азаттық жолындағы күресі бізге бірінші кезекте еркіндік, жарқын өмір сыйлады.

Тәуелсіздік – әр халықтың асыл мұрасы, ең қымбат қазынасы. „Туған жер – алтын бесік" дегенді сонау алмағайып заманда азаттық аңсаған бабаларымыздан туған өлкесін жау қолынан қорғау үшін қаншама қан мен терін төкті. Сондай бір тарихымыздан сыр шертетін оқиғаның бірегейі – Желтоқсан оқиғасы. Қазақ халқы үшін тарихтан тамыр тартқан егемендік үшін азаттық жолындағы күрестің оңай болмағаны даусыз. Елім, жерім деген қандастарымыз Дінмұхаммед Қонаевтың биліктен кетуіне қарсы болғандықтан, „Қазақты қазақ басқарады" деген ұранмен орыс билеушісінің кетуіне қарсы тұрып, ереуілге шықты. Қаншама жастар қатыгез шенеуніктердің кесірінен отбасынан айырылып, баламасынан күдерін үзіп, жұмыстан да қуылды. Арта қайғымен жалғасқан бұл оқиға талай асыл аналардан, әке бауырларымыздан қайғылы қасіретіне айналды.

1989 жылы осы көтеріліске жеңіспен бітуар ақын-жазушылардың мазмұны тереңде жатқан еңбектері жетерлік. Берілген шығармалар арқылы өскелең ұрпақ Желтоқсан оқиғасының қалай жүзеге асқанын, ерен еңбек еткен батырларымыздың ерлік істерін мәңгілік жадында сақтай алады. Себебі, тарих – ел өткен мен келешектің айнасы. Еліміздің қалыптасуында болған алмағайып оқиғаларды таныл білу парызымыз деп білемін.

1991 жылы Қазақстан әлем картасында тәуелсіз мемлекет ретінде танылды. Сол күннен бастап егемен ел ретінде өз заңымызды бекітіп, шекарамызды айқындап, ұлттық құндылықтарымызды танытты. Күні бүгінде дүниежүзіне танымал мемлекетке айналдық. Елордамыз Астана – тәуелсіздіктің символы, халқымыздың алтын діңгегі. Сонау бәрі Азаттық аңсаған армандастарымыздың арқасында. „Ерлік білекте емес, жүректе" деп ақ найзаның ұшымен, білектің күші-

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором 2 кл 11-09

...тысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Мен елін қорғаған, Желтоқсан оқиғасында бас көтерген азаматтардың арқасында.

Мен өз атымнан: „Өлсе өлер табиғат адам өлмес,
Ол бірақ, қайтіп келіп ойнап-күлмес.
Елді дейге бола ма атымдарына?!
Білмейтұғын арманда сөз қалдырған„ - деген тамаша өлең

жолдарымен қорытқым келеді. Желтоқсан оқиғасына қатысып, ата алмай кеткен, еліміздің өркендеуіне өз үлесін қосқан адамдарды, „біз, өскелең ұрпақ, келешек ұрпақ ешқашан ұмытпауымыз қажет. Ондай азамат пен азаматшалардың батылдығы, батырлығы мәңгілік ел есінде! Ерекше жоқ, өзінен әлдеқайда жоғары адамдарға қарсы тұру екінің бірінің қолынан келмейді, сондықтан ол өте үлкен ерлікті талап етеді.

„Болашақ жастардың қолында", - деп киелі қазақ жері тайға таңба басқандай, анық айтып кеткендей, елеулі із қалдырған ұлы тұлғалардың есімдері өшпей, келешек ұрпаққа ерлікті дәріптеу бірінші жастардың қолында!

Мен қазақпын! Батыр тұлғалардың ұрпағы болғаныма, қазақ жерінде дүние есігін ашқаныма, қазақ болғаным үшін мақтанамын!!!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором KL 11-10

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Азаттық аңсаған армандастар

Қазақ халқы аңсаған азат күндер оңайлықпен келмегенін бәріміз білеміз. Қиын күн санап, маңдай терімен кешкен тәуелсіз күндеріміздің бірі. Сол уақыттағы қазақ халқының күйі дәрменсіз еді. Қорқыныш, уайым, үрей, дәрменсіздік бәрі біраз адам бойында тұнып жатты. Оған қарамастан ер азаматтарымыздың рухы мен шыны басып тұрды. Бәрі де азаттық аңсаған жастардың қатарынан болды.

Желтоқсан жылы - бар өзгерісімен келмес ұмытылмас күндердің бірі деп ойлаймын. Себебі, желтоқсан өзгерісінде Кеңестік социалистік республикалық одақ жасаған опасыздық әр қазақ дейтін жанның бір жүрек тұсына қандай батты. „Қазақ жерінде, қазақ басқарсын" - деген ғана талықтан талап болатын. Бірақ орыстарға бәрібір болды. Басын тік көтеріп, бар рухымен жастарымыз алаңға шықты. Өздерінің жастарына қарамай, шықты сіңлілерімен қыздарымызда шықты. Ел арам ісі жоқ, ойларында тек қазақ деген аты жоймау. Суық беріп тұрған аяз бен өзгер дым кедергі келтіре алмады. Қалағандары тек азаттық еді ғой. Бой ұмсаған нақты жігер болмаса, қазір дәл осы сәтте бар ма едік?!

Қорытындылай келе, бақытты сәтіміз, азаттық аңсаған жастарымыздың арманы орындалды деп ойлаймын. Бақытсыз, сұр күндер артта қалған уақытта, қазіргі таңда дәл уайымсыз, тәуелсіз елде бақытты жақта жүрміз. Қандай күшпен келдік, келешек ұрпақ білуі

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором

xl 11-10

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

латын күйі: немоқсан оқиғасы.

„Атау-кере" повесіндегі Айнаның адами болмысы және қаламгерлік шешім.

Жарық дүниенің есігін аттап, кей адамдар өз қамы үшін еңбек етіп, күн көрсе, енді бірі дүниенің тұңғиығына бойлап, ізгі құндылықтардың мәнін түсініп, ел үшін қызмет етеді. Бұл жайлы дана халқымыз: „Жақсының аты өлмейді, Ғалымның хаты өлмейді", - деген болатын. Елінің болашағы үшін, көкірек көзінің ояу болуы үшін қам жеген мұндай игі жақсылардың қатарында Оралхан Бөкей сыртта қалмайды. Оның прозасы қазақ әдебиетінің үлкен бір белесі, ал шығармалары халықтың рухани өміріне төгілген нұр іспеттес.

Адамның адамгершілік болмысын, ізгі қасиеттер мен жат қылықтардың, жақсы мен жаманның ара жігін ашып жазған шығармаларының ішінде „Атау-Кере" повесінің алатын орны бөлек. Туындыдағы сұлулық пен әдемілік, жастық шақтың қас-қағымдай екенінің белгісі, ізгілік пен қайырымдылықтың, сезім мен махаббаттың қуаты Айна образы арқылы көрсетіледі. Айна - Қазақстанның түкпір-түкпірінен үлкен-кішілі ауыл, қалалардағы орта мектепті бітіре сала Алматыға аттанатын албырт жастардың өкілі. Ауылдың, ата-анасының тәрбиесін көріп өскен қазақ қызының мінез-құлқынан бір мін табу қиын, ал сыртқы сұлулығы қапысыз. Қара шашын қақ тарап, маңдайын жарқыратып жүретін жас студент қыз талай жігіттің көз құртына айналды. Тіпті, институттың мұғалімдеріне дейін, әсіресе географиядан сабақ беретін оқытушысының пиғылы бөтен. Ақыры, қыр соңынан қалмаған „ұстазының" қысымына шыдамаған Айна оқудан шығып, жұмысқа тұрады. Әшімнің келбетіне көк көзі жарасқан сымбатты Ерікпен сол жерде жүргенде тіл табысып, кейін оған тұрмысқа шығады. /

Айна - құдай қосқан қосағына өмірінің соңына дейін адал болатын қазақ әйелдерінің дәстүрлі бейнесі. Сүйген жары Еріктің артынан еріп, таудың арасында тұрады. Табиғаты қатал мекеннің қиындықтарына қарамай, үйдің тірлігін жасап, енесі Нұрке кемпірге қамқор болады. Бір қарасаң, Нұрке Еріктің анасы емес, Айнаның анасындай болып кетті.

Үй шаруасын жалғыз өзі атқарып, бар ғұмырын күйеуінің жағдайына арнаған қой кейін тұрмыстың өмірдің қызығын көре алмай, бақытын үйінен емес, сырттан іздеген Еріктен еш жылу көрмей, көкірегі қарс айырылады. Бұдан Айнаның жақсы дамыған қасиеті - шыдамдылығын аңғаруға болады. Тағдырдың берген тауқыметіне төзіп, өзінің ізгі құндылықтарын жоғалтпайды.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтар болсам, нәзіктігі мен жігерлігі үйлескен Айна өзінің қасиеттерімен оқырмандардың жүрегін баурап алды. Ол нағыз қазақ аулының тәрбиесін бойына сіңіріп, ақтық демі шыққанша адалы болмысын сақтап, адамгершілігін жоғалтпады. Бұдан келер ұрпақтың алар өнегесі жетерлік

„Атаукере" повестіндегі Айнаның адами болмысы және қаламгердің шешімі"

Оралхан Бөкей жазған „Атау-кере" повесінде адамның өмірлік жағдаята бейнеленген. Осы шығармада жеменің шын бет-бейнесі суреттеліп, баяндалатынын көре аламыз. Ең айқын көрінетіні - адамдық әділетсіздігі.

Біз оны Таланның қазіргі өмірлік жағдайынан көре аламыз. Ол жастайынан жақсы, адамгершілігі мол, шоқтығы бар адам болған, бірақ ол өмірлік сынақтарға төтеп бере алмай, өмірден шаршаған, сынған адам ~~болған~~. Ішімдікке берілді, өз өмірін қадағалай алмады, соған қарамастан өзінің сана-сезімін сақтап қалды. Осындай кейіпкер арқасында біз „ең бастысы - өзіңнің жан дүниеңді сақта" деген тұжырымға келе аламыз. Одан ұқсас тұлға - Айна. Ал оның өмірі - бізге нені үйретеді?

Айна - басты кейіпкерлердің бірі, Ерік атты күйеуі бар, өте ақылды, әдемі, нәзік қыз. Ол Ерікпен студенттік кезінде танысқан, Ерік Айнаны өзіне қарату үшін бар күшін салды. Бірақ біраз өткен соң олар үйленіп, тұрмыс құрған, Ерік өз бизнесіне, жұмысына мықтап беріліп кетті. Айнаға ақша назар аудармай, үйде көптен болмай, барлық тұрмыстық жұмысты Айна мен үлкен науқас анасына қамқорлық етуге өзі де атқаруға болады. Менің ойымша, бұл кейіпкердің бір түрі болып санала алады, себебі Айна басында педагогикалық институтта оқыды, бірақ бір жағдайға бір жағдайдан кейін ~~анасына~~ оқуды уақытша тоқтатты. Ол кезде Ерікпен танысқан, өз оқуын бастаса да, жалғастырмай қалды. Яғни, Айна өз болашағын, арманын құрбан етіп, Ерік оны түк бағаламай, өзінің күйеу ретіндегі міндеттерін мүлдем орындаған жоқ. Шын айтсам, оның орнында болсам, осындай күйеуді шыдамас едім. Бірақ Айна андай емес. Ол Ерікке шын жүректен сенді, Ерікті жақсы сенді, ол бар адалдығымен сенді. „Бір күні, кеш, кешірім сұрайды ғой.." - деген ойлар келген шығар. Сол кезде үміттен өмір алып, енді болып жүрген.

Екінші жағынан, мен Еріктің анасы туралы бір сөз қозғаған. Ерік өз анасына да мүлде көңіл бөлмейтін қалды, сондықтан Айна жеке Нюраның нақ қамқоршысы, оған қамқор болды. Оларды арасында айрықша байланыс пайда болды.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
xl 11-12

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Біраздан соң екеуі бір-біріне нақты қолдау бола алды. Ал мен не үшін атының атап-мын? Айна. Нұрке ыза болмай, оны түсініп, көмектесе ала алды. Ие? ~~[illegible]~~ Менің ойымша, олар ұқсас жағдайда болды. Екеуі де жан-жақты қалып, бір-бірін тапты.

Енді Еркіннің қарым-қатынасына оралсақ, Айна өзін әйелін ада көрсетті, жол өзінің келешек міндеттерін, жұмысы атқарып, мал басып үй қарап, бірде қарсы сөз айтқан жоқ. Осында, Айнаның жылы мінезді ақкөңіл екенін көре аламыз. Менің ойымша, әйел осындай болмау керек, бір нәрсе ұнамай ма? Айт.

Ақырғы соңында, Еркін әкеп жазалап, оның қайынны бұзғаны" әмірдегі ең маңызды нәрсе о дүниеге аттандырады. Тіпті осыдан соң, ол өз кінәсін қабылдамай, басқаларды әлеуге кінәлай ~~бір~~ берді. ~~[illegible]~~, ю Әкеп бала өзінің жаңа нәрсең, басқаларды естімейтін адам шынайы сырамасаң, керексіз қара масана айналып кетті.

Мен осыдан екі түйіндерінде келемін „Бір адамға жылы берілмек кетпеу керек" (Айна пікірі) және „Жұмысымды қатып отбасыма уақыт бөлемін" (Еркін пікірі). Яғни, адамдар бір-бірін бағалай білу керек, бірақ өзінің маңыздылығын пікірін да ұмытпау керек. Айнаның әкесі - қамат әкеп арасында керек екендігі пікірін деп ойлаймын. Сондықтан өзіңді сыйла, басқаларды кемсітпеңдер!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: кl 11-13

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

„Қаһар" романындағы түс көру мотивтері және оның шығарма идеясына ықпалы.

„Қаһар" романындағы басты кейіпкер қазақтың соңғы ханы - Кенесары болып табылады. Кенесары хан-қазақ халқының еркіндікке қол жеткізуі үшін бар күш жігерін салған тұлға. Ол осы жолда өз өмірін қиған болатын. Сіздің пікіріңізше „Қаһар" романындағы түс көру мотивтері және оның шығарма идеясындағы ықпалы қандай?

Біріншіден, халыққа деген адалдық, халықтың қамы. Кенесары тек өз басының қамын емес, барлық халыққа деген адалдығын, болашаққа деген сенімін айқын көрсеткен. Менің ойымша, Кенесары бұл түсті халық болашағының қандай болатынын ойлағандықтан көрген - деп білемін. Себебі, Кенесары түсінде болашақта бұл күрес қалай аяқталынатындығын болмалмен көрген болатын. Мен оны мынадай дәлелдермен дәлелдей аламын, ол өз түсінде бір жағында қырғыздың екі манаптарын, ал бір жағында Бисонтиді көреді, сол кезде Кенесары өз халқының жеңіліс табатынын ұғады.

Екіншіден, болашаққа деген жарқын үміт пен сенім. Кенесары өз түсінде, өзінің басы шабылатынын, бірақ оған қарамастан бәрін естіп жататынын баяндаған. Өзінің ажалы келетінін біле тұрса да, болашақ ұрпақ үшін күрес жолын тоқтатпаған. Менің ойымша, Кенесарының бұл әрекетін ешбір жан қайтала алмас еді. Себебі, Кенесарының бойында, ешқашан өшпес қазақ халқының рухы бар. Сіз өзіңізді рухты тұлғамын деп санайсыз ба? Бұл сөзіме дәлел, Кенесарының басы әлі

күнге дейін қазақ жеріне келген екен. Егер Кенесарының басы қазақ жеріне қайтып келсе қазақ халқының рухы оянады деген үрей бар. „Халық үшін жан пида" - деген Кенесарының басы әлі күнге дейін, сол себептен, қазақ жеріне келген екен.

Шіншіден, қазақ халқының шарасыздығы. Романның басты идеясы, сол кезеңдегі Кенесарының жалын, халық үшін қалай күрескенін баяндау болып табылады. Кенесары тіпті өз ойларында халықтың жай күйін, болашағын ойлауды доғармаған. Менің ойымша, Кенесарының бар ойы қазақ жерінің, халқының тегін сақтап қалу болған. Себебі, сол кездегі орыс халқының мақсаты қазақ елін түбегейлі жоқ қылу, олардың бұл істі асырудағы ең үлкен жауы - Кенесары болып табылған. Оған дәлел, Кенесарының басын алған кезде оларға төтеп бере алатын бірде-бір жанның табылмауы.

Қорытындылай келер болсам, Кенесары хан ел алдында аты өшпес тұлға. Ол өз заманында қазақ үшін жанын қиған жан. Кенесарының рухы ешқашан өшпес. Әр қазақ ұлында Кенесарыға тән рух болсын. Ал, біздің міндет Кенесарыны ұмытпау, оның атын әр кез ұлағаттау!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором
кл 11-14

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

„Атау-кере" повесіндегі Айнаның адами болмысы және қаламгерлік шешім

Қазіргі кездің адами болмысын, халқы мен адамдар ұстанымдарын айқын бейнелейтін бірде бір шығарма, керемет қазақ жазушысы Оралхан Бөкейдің „Атау-кере" повесі. Бұл повестен біз көпті біліп, көріп оны өмір шындығымен, өзіндік адами болмысымызбен салыстыра алатынымыз сөзсіз.

„Атау-кере" повесі біздің адами құндылықтарымызды, өмірлік болмысымызды ерекше сипаттай білген шығарма болды деп ойлаймын. Себебі, автордың повестегі әр кейіпкерге ерекше бір рең беріп, олардың әрқайсысын өзінше сипаттай білген. Осының көмегімен біз, оқушылар бұл шығарманы оқи отырып өмір шындығын білеміз деп тұжырымдаймын. Сондықтан, өз позициямды дәлелдей келе повестегі мен үшін ерекше орын алған кейіпкер Айнаны атап өтпей кете алмаймын. Себебі, ол маған өзіндік тұлға ретінде ерекше әсер етті.

Біріншіден, бұл шығармаға автордың тіптей болсын мейірімділік сіңіріп жатқанын осы Айна арқылы байқаймыз. Себебі, Айна өте мейірімді де, жаны жайдары адам. Оған қоса әрдайым, қандай жағдай болмасын көмек қолын соза білген керемет тұлға десем еш қателеспеймін. Оны біз сал ауруымен ауырып қалған енесіне қамқор болып, көмектесіп жатқанынан көре аламыз. Повестің осы үзіндісімен біз автордың шығармасына жайтты қазіргі заманмен салыстырып жатқанын байқаймыз. Өйткені, қазіргі кезде Айнадай енесіне анасындай қамқор болып, қол ұшын соза білетін адамдардың саның саусақпен санап беретін халге де жеткеніміз ақынды ренжітеді.

Екіншіден, Айнаның еңбектен қорықпай, барлық жұмыстарды ат салысып істеп кететінінен оның нағыз батылдық, ержүректілік болмысын көреміз. Күйеуі Ерік ауылдан тыс жерлерде жүрген кезде Айна бүкіл ауыр жұмысты өзіне алып, оларды тиянақты жасай білді. Оған қоса Айнаның көшесінде үлкен аю көрінген кезде ол жай ғана сиыр көргендей енесіне айтып берді. Осы әрекетінен оның сабырлы екенін көреміз.

Қорытындылай келе, айтқым келгені „Атау-кере" повесіндегі Айна болмысы кереметтей сипатталған және де сол болмысы әр оқушыға ерекше әсер ете алады. Айнаның болмысына қарап көп ой түюге болады деп ойлаймын, сондықтан да осы повесті сіздер де оқып көрулеріңіз керек!

Азаттық аңсаған армандастар

Әр адам өзінің тәуелсіз елде өмір сүруін аңсайды емес пе? Осы жолы 1986 жылы болған көтерілісте қазақ жастары еркіндік пен әділеттілікті армандаған еді. Көптеген тұлғалардың жазасыз өмірден өткеніне осы желтоқсан оқиғасы себепті.

Қазақ жері кең, әрі көркем болғанымен біз өзгелердің қол астында болдық. Қазақтың өнер тумар зиялары мыңдықтың артынан жүрі-ремін деп небір әділетсіздіктер мен қатігездікке ұшыраған болатын. Негізі желтоқсан оқиғасы Дінмұхамед Қонаевтың орнына Колбиннің билікке отыруымен басталған болатын. Кішкентай сәбилерді де аямады. Сонда орыстардың соншалықты тас жүрек болғаны ма? Алайда, „Ұлттың жаманы жоқ, адамның жаманы бар" деменші көпке топырақ шашпаймын. Желтоқсан қаһармандарының батырлығы, қайсарлығы, өжеттігі бүгінгі ұрпаққа үлгі деп ойлаймын. Олар өздерінің азаттыққа деген сенімі арқылы халқымыздың болашағын өзгертті. Тәуелсіз Қазақстан - сол жастардың маңдай тері мен жанкешті еңбегінің жемісі. Бүгінде біз бейбіт аспанда өмір сүріп, өз тілімізде, дінімізде, дәстүрлерімізді сақтап, еркін ел болудың қадірін түсінеміз. Желтоқсан оқиғасы бізге азат-

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

тықтың бағасы қаншалықты қымбат екенін еске салады. Сондықтан, сол күндердің батырларына тағзым етіп, олардың ерлігін мәңгі еске сақтау - әрбір қазақстандықтың парызы.

Қорытындылай келе, "Ерлік - елдің мұраты, азаттық - ұлттың бақыты". Біздің батырларымызды ұмытпайық. Олар әрдайым біздің жүрегімізде. Қазақ жерінің тәуелсіздігі үшін өз өмірін құрбан еткен әрбір тұлғаға шын жүректен алғысым шексіз.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором | кІ 11-16

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1

Тәуелсіздік - ата-бабамыз ұзақ уақыт бойы аңсаған еліміздің баға жетпес құндылығы және байлығы. Азаттық - еліміздің ең басты дәулеті деп айтсақ, қателеспейміз. Қазақ халқы үшін осы арманның орындалуы оңай болмады. Ол үшін қазақтар нағыз күреске түсіп, біздің қазір өмір сүріп жатқан Республикамыздың негізін қалады.

Тарихқа 1991 жыл Қазақстан тәуелсіздік алған жыл болып енді. Қазақстан бостандығын кімнің арқасында алды? - деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине, 1986 жылы 16-17 желтоқсанда ұлт-азаттық көтеріліске шыққан жастар. Менің ойымша, олардың Қазақстан тарихында алатын орны ерекше және өте маңызды. Жастардың көтерілісі қазақтардың соқыр және мылқау емес екенін, халықтың өз бостандығы үшін күресуге дайындығын айқын көрсетті.

Сол кездегі КСРО билігі қатаң, әрі аяусыз болды. Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың бір бөлігі түрмеге қамалса, бір бөлігі өлім жазасына кесіліп, атылды. Еліміз тәуелсіз болғаннан кейін ғана олардың барлығы ақталды. Бұл еліміз үшін ауыр да, қайғылы да оқиға. Адамдар балаларынан, туған-туыстарынан, жақындарынан айырылды. Сондықтан, осы көтеріліске қатысқан қаһарман ата-әжелерімізді білуіміз міндетті. Солардың бірі - Тұрар Рысқұлов атамыз. Ол еш нәрсеге қарамастан, Қазақстанның болашағы мен тыныштығы үшін күресті. Оған біздің мың алғысымыз да жетпейді деген ойдамын.

Осы оқиғаға басқа жағынан қарасақ, ол қайғы-қасіреттен бөлек, Қазақстанды азат ету жолында үлкен рөл атқарды. Халық көтерілісті қараңғыда жүзіп жүріп, шамшырақ көрген кеме секілді қабылдады. Бұл тәуелсіздікке деген үміттің пайда болуына әсерін тигізді.

Осылайша, ата-бабамыз азаттыққа қол жеткізді. Қан мен термен алынған тәуелсіздігімізді сақтап, әрі қарай ұрпағымызға асыл мұра етіп беру - қазіргі жастардың, яғни біздің басты міндетіміз. Қазір Желтоқсан мерекесі - Тәуелсіздік күнінің қарсаңында біз сол жастардың ерлігін ұмытпай, олардан үлгі алып, елімізге қауіп төнген жағдайда туған жеріміз үшін барлығына дайын болуымыз керек. Қазіргі ашық аспанымыз кімнің жетістігі екенін ұмытпауымыз жөн. Туған еліміз әрі қарай тұғырында тұра берсін!

Шифрды ұйымдастырушы толтырады / Шифр заполняется организатором: KL 11-17

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница № 1.

Ұлттың аңсаған армандастар.

Қазақ халқы қазіргі таңдағы азаматтығын, Қазақстан Республикасының еркін тұрғыны болу үшін көп қиындықты басынан кешірді. Біздің ата-бабамыз азаттық жолында сан-қилы кедергілерге батып және адал тотан берді. Бұған қазақ ақындарының әртүрлі шығармаларын да, өзірде басылған ақпараттарға да айқын дәлел бола алады.

Ұлттың сөзін естігенде, көзіме ең алдымен, Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Алаш зиялылары, Желтоқсан жастары сияқты тұлғалар мен „Бегетай" сияқты шығармалар елестейді. Осы адамдардың отансүйгіштік аңдасында қазақ елі туралы жауабын алып қалды.

Алаш зиялылары КСРО кезінде қазақтың бостандығы, елі үшін аянбай еңбек етті. Олар қазақтардың заңын сақтап, қазақ тілін дамытуға тырысқан адамдар. Ең алдымен „Қазақ" газетін шығарып, халықтың жағдайларын туралы жазып кеткен Қазақ Автономиясының пайда болуына да осы тұлғалардың септігі тиді.

Желтоқсан жастары өз құқықтарын қорғау үшін көшелерге шыққан батыл тұлғалар. Олар үкімет тарапынан қанша қорлық көрсе де, табандылық танытып, алғандарынан қайтпай өз дегендеріне жетті.

Менің ойымша, сол күні алаңға шыққан студенттердің, жастардың, басқа да тұлғалардың жасағанын қазіргі кезде көбі қайталай алмайтын еді.

Кейбірі „қазақтар – жаман халық" деді. Алайда, мен бұл пікірмен келіспеймін, себебі 16 желтоқсандағы қаралы кезде „ұлт азаттық" күні ғана емес, бұл „Желтоқсан жастарының" азабы. Қазақ халқы өзге әділетсіздік жасалған кезде қарсылық, батыл түрде шешім бере алады. Бұл қасиет бізге сонау „Керей мен Жәнібек" аталарымыздан келе жатыр. Олар сонау заманда өзгеге жасалған әділетсіздікке төзбей, жер аударып кетіп қалған. Басқа бір жерде қазақ хандығын құрған. Яғни, ешкім де біздің еліміздің бостандығына қол суға алмайды, себебі ел үшін жанын беруге дайын тұрған қайсар қандастарымыз бар.

Қорытындылай келе, қай заманда болмасын, қазақтар өз азаттығын қорғай біліп, ешкімнен тайсалмайтын халық деп айта аламын. Керек болса жанын беліне буып, туған жерін аман сақтап қалады деп айта аламын.

„Атау-кере" повесіндегі Айнаның адами болмысы және қанағатшылық мәні.

„Атау-кере" повесі бізге берері көп шығарма. Бұл шығармадағы әрбір кейіпкерге автор ой салып қойған деп мен ойлаймын. Негізінен, атауының өзі ойланарлықтай расымен. Кейіпкерлердің әрқайсысы өкінішке орай заман шындығына сай бейнеленген. Повесте, ұтылу, отау, шешенің ауруы, жайсыз табыс, өкініш деген дүниелердің бары хақ.

Шығармада Ерік әйелі Айна ерекше кейіпкер. Себебі, өзінің істерімен оқырманды баурап алған кейіпкер. Айнаның даналығы мен парасаттылығына қазіргі кезде көбімізге жетіспей жүргендей. Айна ішкені күйеуінің көзін білмеуі, ауру енесі Нюраға қамқоршы болып жүрмегенінен бас тартпа, дүрілдеуі. Повесте Айнаның өз күйеуіне көзі таныса, күдігінің бар екенін „Мен торға бұралсам да, теріс бұрмадым" деген жерінен ұғуға болады. Өз кезегінде мансап қуалаған, ақшаның етегінде жүріп, көзі байлаулы Ерік бейнесін көреміз. Осы жерде өмірлік құндылықтардың қалай бізге жер ететінін байқауға болады.

Ерік өзінің әйелінен басқа, басқа да бойжеткендерге көз салуды өзіне бақыт санап, отбасының қирап қалуынан еш сескенбейді.

Шифрды ұйымдастырушы толтырады
Шифр заполняется организатором 2 кв 11-18

Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника Парақ / Страница №

Өз кезегінде, Айна басқа еркектің міндеттерді өз мойнына алып, көп дүниелерге жауап береді. Ерданның ораны болмаса қиын кезеңдерде аман аға демеуші Айна өз мақсаттарынан мойын бұрып, енесіне, шаруаға өзі ғана ие болып төзімділік танытады. Шыны керек, Айна бейнесі қазіргі таңда көптеген заман ағымына сәйкес.
Аянарлықтай, дегенмен де рас дүние. „Әрбір адам бақытта болуға лайықты" дегендей әркім өз жолын өзі таңдайды. Менің ойымша, Айнаның аналық жолынан жасаған іс-әрекеттер өз орнын алғандай.
„Қайтпас күшен қоз" деген әнімен қолмен үшін Айна өз отау құрған шаңыраққа қамқоршы деген шешім қабылдайды, нәтижесінде өз армандары мен мақсаттарынан күдер үзеді. Тағдырдың тәлкегіне түскен Айна өз арманшылдық қуаныштарынан аттап кете алмады. Осы кезде үйдің сыныптасы Ғазан, Айнаның нұры бола түсті. Уақыт өте келе Ғазан мен Айна қосылады.
Қорытындылай келе, әрбір қиыншылықтан кейін жақсылық басталады деп Айна тұрады. „Тең-теңімен, тезек қабымен" дегендей, әрбіріміздің несібемізге жазылған ғана болады. Айнаның өзі сияқты төзімді, қайтпас көрен Ғазанның кездесуі бұл әйел затының ішіндегі әділеттілікті деп есептеймін.